

Жиренқопа ауылдық округінің елді мекендерінің көшелері мен құрамдас бөліктеріне атау беру және атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 2011 жылғы 7 шілдедегі № 2 шешімі. Ақтөбе облысы Қобда аудандық Әділет басқармасында 2011 жылғы 9 тамызда № 3-7-115 тіркелді.

Ескерту. Шешімнің атауы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 12.12.2014 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Деректемелерінде орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 09.03.2017 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Жиренқопа ауылдық округі тұрғындары конференциясының 2011 жылғы 3 маусымдағы № 1 хаттамасы негізінде, Қобда ауданының Жиренқопа ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Қобда ауданы Жиренқопа ауылдық округі әкімінің 09.03.2017 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жиренқопа ауылының көшелері мен тұйық көшесіне төмендегі атаулары берілсін :

- 1) Александр Шиковский көшесі
- 2) Әлия Молдағұлова көшесі
- 3) Амангелді Иманов көшесі
- 4) Әліби Жангелдин көшесі
- 5) Абай Құнанбаев көшесі
- 6) Жастар тұйық көшесі

2. Тентекқара ауылының көшесіне төмендегі атауы берілсін:

- 1) Абай Құнанбаев көшесі

3. Жиренқопа ауылының келесі көшелері мен тұйық көшесінің атауы өзгертілсін:

- 1) Юбилейная көшесі – Исатай Тайманов көшесі;
- 2) Ленина көшесі – Қобыланды көшесі;

- 3) Новая көшесі – Желтоқсан көшесі;
- 4) 60 лет Октября көшесі – Сәкен Сейфуллин көшесі;
- 5) Степная көшесі – Ыбрай Алтынсарин көшесі;
- 6) Набережная көшесі – Тұрар Рысқұлов көшесі;
- 7) Садовая тұйық көшесі – Ардагер тұйық көшесі;

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауыл округінің әкімі

Б.Алипов